

ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР БАҒЫТЫ
НАПРАВЛЕНИЕ ФИЛОЛОГИЧЕСКИХ НАУК
DIRECTION OF PHILOLOGICAL SCIENCES

тақырыптық рубрикалар/тематические рубрики/ subject headings

ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ -ЯЗЫКОЗАНИЕ И ЛИТЕРАТУРА–
LINGUISTICS AND LITERATURE

ӨОЖ 81'367.624

¹Әбдуәлиұлы Б., ²Махмут Г.*

¹филолог.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың профессоры,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

²магистр оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

БАЙЫРҒЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЕСІМДЕРІНІҢ
ДЫБЫСТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Автор корреспондент: makhmut85@inbox.ru

Түйін: Мақалада қазіргі қазақ есімдерінің жазу нормасындағы кемшіліктерге тілдің дыбыстық заңдарымен салыстыра отырып талдаулар жасалады. Белгілі бір бектілген ережелері болмағандықтан, жазуда әртүрлілікке жол берілгені айтылады. Осы мәселенің дұрыс шешімін іздеу барысында, автор өткен ғасырдың басында Алаш зиялылары айтып кеткен пікірлерді басшылыққа алады. Онда тілдің ұлттық табиғаты мен оны жазуда қандай қағидаларға сүйенуге болатыны туралы біршама ғылыми тұжырымдар жасалған. Бүгінгі есімдерді орфографиялық нормалау мәселесінде де тарихи сабақтастықты сақтау үшін сол пікірлер назардан тыс қалмауға тиіс деген қорытындыға келеді. Қазіргі қазақ есімдерінің дамуы барысындағы оң бағыттар мен кемшіліктерге тоқтала келіп, алдағы болашағын айқындаудың тиімді жолдары ұсынылады. Ғылым мен техника қарыштап дамыған ХХІ ғасырда ұлттық есімдердің біртұтас кескі-келбетін айқындау ұлттық тұтастығымыздың да кепілі екенін есікеруіміз керек.

Кілттік сөздер: дыбыстар тіркесі, фонетика, жазу нормасы, кісі есімдері,буын түрлері.

Кез келген тіл өзінің дамуы барысында түрлі өзгерістерге түседі. Мысалы, тікелей жалғасы екеніне қарамай көне түркі тілі мен қазіргі қазақ тілінің арасында біршама айырмашылықтар бар. Дыбыстардың құрамы мен үндесіміндегі, қосымшалар жүйесіндегі т.б. өзгерістер тіл дамуының барысында пайда болған. Сыртқы ықпалдарға соншалық ұшырай қоймаған тіліміз өзінің төл заңдылықтарын сақтай отырып, жаңаша сапаға көтерілді. Осы тұрғыдан келгенде, уақыт талаптарына сәйкес түрлі себептермен өз кескін-келбетін жаңартып отыруының заңды құбылыс екенін мойындаймыз. Алайда, ХХ ғасырдағы тілге, соның ішінде кісі есімдеріне қолдан жасалған өзгерістердің бұл заңдылықтарға қытысы жоқ екенін атап айтуымыз керек. Өйткені құжаттарда бір есімнің бірнеше нұсқада жазылуы табиғи үдерістің емес, қолдан жасалған кері ықпалдардың нәтижесі. Сондықтан байырғы қалыбымызды қайта табу үшін қолдан жасалған қателерді қолмен түзететін уақыт жетті. Ғылым мен техника қарыштап дамыған ХХІ ғасырда ұлттық есімдердің біртұтас кескі-келбетін айқындау ұлттық тұтастығымыздың да кепілі екенін есікеруіміз керек.

Руханият ісін жолға қоюда тақыр жерден бастап, болашағы бұлыңғыр болжамдарға сенім артпайтынымыз белгілі, сондықтанбағыт түзер темірқазығымызды айқындап алуымыз керек. Өйткені бүгінгі тілдік сана мен қазақ тілінің қаймағы бұзылмаған асыл қазынасының арасы алшақтап кеткенге ұқсайды. Қазіргі есім туралы көзқарастардан дұрыс пен қатені айырудың өзі қиынға түсетін сыңай байқалады (оған төменде келтірілетін мысалдар дәлел).Сондықтан мәселені шешуде, тарихи-табиғи болмысымызға

уақыт жағынан да, танымдық жағынан да бізге қарағанда әлдеқайда жақын Алаш зиялыларының пікірлерін қазылыққа тартпақпыз. Қазіргі аты-жөніміздегі мәселелер өткен ғасыр басында да болған және қазақ оқығандары бұған өзіндік пікірлерін де айтып отырған. Кісі есімдерінің рәсімделуіне қатысты алғанда ХХ және ХХІ ғасыр басындағы мәселелер бір-біріне өте ұқсас екенін көреміз, сондықтан оған арнайы ат басын тіремей тұра алмаймыз. Осы ұқсастықтардың бірі қазақ фонетикасының негізін қалаушы, «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңына» зерттеу арнаған ғұлама ғалым Х.Досмұхамедұлының пікірлерінде анық көрінеді. Былай дейді: «Араб-парсы сөздері тілімізге дінмен бірге кіре бастады. Молдалар қаншама дін сөздерін дұрыс айтқызамыз деп, [тіл] бұраса да ел болмады. Жат сөздерді өзінше айтып, тілінің заңына лайықтап қолданатын болды. Дін тілімізді бұза алмады. Бұған себеп – көшпелі салтымыз һәм елге тілге тым қадірлі болған орасан бай ауыз әдебиетіміз. Көшпелі елге жазу-сызу оңайлықпен таралмады. Жазба әдебиет жоқтық бізді сақтады» [1, 123 бет.]. Сол тұста қалың ел тұтастай тізімге ілікпеген еді, аты-жөндері де жазу нормаларына бағындырылмағандықтан, ауыз-екі тілде ұлттық есімдердің де негізгі бөлігі сақталып қалған болатын. Бүгінге дейінгі бір ғасырға жуық уақытаралығында орыс тілінің заңдарына қарай бұрмаланып, құжаттарда екі тілде (басым бөлігі орыс тілінің заңдарына сай) жазылғанымен, тарихи сана дағдылы «инстикінен» жаңылған жоқ, ұлттық есімдер өзінің табиғи болмысын сақтап қалды (бұл орайда біз қаймағы бұзылмаған қазақ ауылдарына және ұлттың шын мәніндегі зиялы қауым өкілдеріне қарыздармыз). Зардапсыз да болмады. Батыс тілдерімен байланысқа түсу қазақ тілінің дыбыс тіркесімділігіне біршама ықпалы етті. Тіл тарихында болып тұратын ондай өзгерістер туралы зерттеушілер еңбектерінде де айтылды [2, 41 б.; 3, 85-86 б.]. Сөзіміздің дәлелі ретінде ұлттық есімдер қалыбының сақталу дәрежесіне қатысты төмендегі статистикалық мәліметтерге назар аударып көрелік: 81573 бірліктен тұратын есімдер тізімінің ішінен *Әсе, Дәул, Қас, Гүл, Күл, Құл* түріндегі ұлттық нұсқасы мен *Асе, Даул, Кас, Гул, Кул* өзгертілген нұсқасын жазылу жиілігі бойынша салыстырып, санақ жүргізіп көрген едік, нәтижесімынандай болып шықты:

Дыбыс заңдарына сәйкес	Саны	Дыбыс заңдарына сәйкес емес тұлғалар	Саны
Әсе	355	Асе	322
Дәул	345	Даул	345
Қас	259	Кас	166
Гүл	832	Гул	787
Күл	49	Кул	418
Құл	370	Кул	
Барлығы	2210		2038

Айырмашылық – қазақ тіліндегі нұсқасы 172-ге артық. Сатистикалық талдау 2015 жылы оқуға түскен талапкерлердің «Егемен Қазақстан» газетіне жарияланған тізімі бойынша жасалғанын еске саламыз. Отыз мыңға жуық талапкердің аты-жөнін жеке-жеке алғанда 81573 есім шықты, соның ішінде аталған антропоним компоненттері мен дыбыстық тіркестердің қолданылу жиілігі осындай мәліметтер беріп отыр. Түсінікті болу үшін айта кетейік, бұл дыбыстық тіркестерден *Әсел, Әсем, Әсен, Әсет, Әсемқұл* т.б.; *Дәулет, Дәулен, Дәулескер, Дәуірбек, Дәужан* т.б.; *Қасым, Қасен, Қасиет, Нұрқас, Қасабек, Гүлайым, Гүлжан, Күләш, Күлпәш, Құлбек, Құлжан* т.б. көптеген есімдер тарайды. Жазу барысында ұлттық тілге тән нұсқасын оның сыңар дыбыстарымен таңбаланған түрлерімен алмастырып алсақ, басқаша сипаттағы есімдер пайда болады. Мысалы, *Дәуіржанды – Дауыржан, Әселді – Асель* деп жазсақ, қазақ есімдері бола алмайды.

Дыбыстық ерекшеліктері бойынша жасалған талдаулар барысында туындайтын келесі мәселелердің бірі – есімдер құрамындағы буын үндестігі. Көне түркі тілінен жеткен осы заңдылық айнымас қағида ретінде тілмен бірге мәңгі жасауы тиіс еді, алайда араб-парсы тілдерінің ықпалымен аздаған өзгешелік байқалған, кейін кеңестік жүйе тұсындағы жазу нормалары оларды заңдастырып берді. Мысалы, айтылуда *арап, кітәп, мұғалым* т.б. болып қазақ тілінің заңдылығына сай соңғы дыбысы п түрінде, әрі буындары біртұтас не жуан, не жіңішке сипатта қалыптасқан көптеген сөздер, жазуда *араб, кітап, мұғалім* түрінде соңы б дыбысына аяқталып, аралас буынмен таңбаланып, ол қағида ретінде бекітілді. Бұған орыс тілінің кейпіне келтіріліп, өзгертуге тыйым салынған мыңдаған терминдер қосылғанда, осы тілде сөйлеуші жұртты тарихи жадынан жаңылдырды. Ілгеріде атап өткеніміздей, дұрыс пен бұрысты айыру қабілетіміздің нашарлау себебі де осыдан. Бір түрлі айтып, екінші түрлі жазу кімді де болса шатастыратыны белгілі. Буын жігіндегі немесе буынаралық үндестік жүйесіндегі араластыққа тіліміз үйреніп, қазіргі кезде тіпті етіміз өліп кетті, сондықтан ол туралы сөз қозғау артық. Енді дыбыс заңдарын жайлаған осы дерттің бірібуын ішіне де дендеп кету қаупі күшейіп келеді. Соның мысалы ретінде, ілгерідегі дереккөзден алынған төмендегі мәліметтерді ұсынамыз.

Дыбыс заңдарына сәйкес тұлғалар	Саны	Дыбыс заңдарына сәйкес емес тұлғалар	Саны
Ға	2598	Га	1906
Қа	3525	Ка	3010
Барлығы	6123		5074

Буын жігінде келетін *ега, ека* (Бегарыс – Беқарыс, Бегасыл – Беқасыл т.б.) секілді дыбыс тіркестері тізімде қамтылған жоқ, өйткені біріккен сөздер жігіндегі бұндай құбылыстар тіл заңдылығында сәйкес келеді. Дыбыстарының тіркесі үндестік заңына сәйкес есімдердің сәйкес еместермен салыстырғанда айырмашылығы – 1049 болады екен. Бұлардың ішінде «га» буынына қатысты Гаухар есімі де бар, олардың жалпы саны – 136. Ауыз екі тілде айтылу нормасы бұрын Кәукәр, Кеукер болатын, қазіргі тілде «Гаухар» нұсқасы норма ретінде қабылданған. Дыбыстардың *га, ка* болып тіркесуі қазақ тіліне жат құбылыс, *га, қа*-мен салыстырғанда екеуіне де ортақ а дыбысының бір-бірінен айырмашылығы бар. Бір буынның өз ішінен осындай өзгеріске түсуі жазу нормаларын белгілеу кезінде мұқият болуды талап етеді.

Дыбыстар тіркесіндегі үндестіктің «тұрманы түгел» тұруына неге мүдделіміз? Бұл жөнінде Қ.Жұбанұлының мына сөзімен жауап беріп көрелік: «Қазақ тілінің дыбыстары көп орында өз бетілік кейіпке ене алмаған; буын ішіндегі дыбыстар болып бірлесіп қана, тұрғылықты түрге енеді. Бір-бірімен байланысты, бірінің-бірі қас-қабағына қарап тұрғандай үйіріліп, ымыраласып отырады. Жұртқа мәлім «үндестік заңы» дейтініміз – дыбыстардың осы ымыраласуы болатын. Дыбыстардың ымыраласуы, үндесу дегеніміз өзі – оқшау тұрған және дыбыстың жеке басы бөлініп шығуға әлі кемдігін көрсететін бір құбылыс» [4, 298 б.]. Қ.Жұбанұлының «кемдік» сөзін, кемшілік деп емес, ерекшелік ретінде түсінген абзал. Дыбыстардың буын ішінде бір-бірінің қас-«қабағына қарауы», «үйірілуі», «ымыраласуы» тілдің жанды бейнесі үшін аса маңызды құбылыстар. Осы пікір Ә.Жүнісбек еңбегінде толығымен түседі. Ол қазақ дыбыстары өзара артикуляциялық үйлесім тапқанда ғана бір-бірімен тіркесіп, бір буынға (сөзге) біріге алатынын және біркелкі үйлесім әуезбен айтылып, қазақы жатық естілетініне назар аударады [5, 157 б.]. Ілгерідегі статистикалық талдаулардан осы ымыралы байланыстың тым қатты әлсірегенін байқаймыз. Екі тілдің жүйесіне бағындырылған есімдеріміз ортасынан қақ бөлініп, өзінің 50 пайыз шамасында ұлттық кескінін жоғалтып отыр.

XX ғасыр басындағы қазақ тілінің байырғы болмысына ықпал еткен тағы бір фактор Х.Досмұхамедұлының еңбектерінде былайша баяндалады: «Қазақтың балалары ноғай, сарт мектеп-медреселерінде оқитын болды. Медреселерде араб-парсы сөздерін

өзгертіп айту зор күнәға есептелінетін еді. Молдалар қазақ арасына араб-парсы сөздерін бұлжытпай айтуды жазу арқылы үйрете бастады, ана тілін бұзып, ноғайшылап, сартшылап сөйлеуді, жазуды шығарды» [1, 123 б.].XXI ғасыр басында аты-жөнге қатысты аталған мәселе мынандай бір сипатта алдымыздан тағы шығып отыр. Сырттан кірген түрлі діни ағымдардың ықпалымен балаға ат қойғанда араб тіліндегі дыбыстық нұсқасының сақталуына баса мән берутуралы түсінік пайда болды. Нәтижесінде кешегі ұлттық тілдің заңдарына бағындырыла игерілген есімдердің қалыбы бұзылып, қазақ тілінебөгде формалар ұсынылып жүр. Ыбырай, Ыбырайымның– Ибрахим, Ісләмнің– Ислам, Жапардың– Джаффар, Әбдірақымның – Абдурахим, Әбдімәліктің – Абдумалик болып өзгеруі соның көрсеткіші болса керек. Ілгеріде атап өткеніміздей, бұл өзгерістердің де тілдің табиғи заңдылығы бойынша дамуына қатысы жоқ, керісінше саяси факторлардың негізінде туындап отырған жасанды құбылыс. Х.Досмұхамедұлы бұл жөнінде де өзіндік пікір білдіреді: «Адамның аттарын өзгелеп бөлудің керегі жоқ; заңмен жүретін болсақ, заңды заң қылу керек. Заңға көнбейтін аттар да әбден сіңіп болмаған сөздер болады да, өзгертіп сіңіру керек. Арабтың «Ахмад»-ы заң бойынша қазақшалағанда «Әмет» болатын болса, Әмет қылу керек. Арабтың «Мухамад»-ы мен «Халил»-ы қазақша «Мәмбет» бен «Әлел» болатыны ырас болса, қазақша дұрысын жазу керек. Араб-парсыдан келген адам аттарын әбден тексеру керек те, қазақша нағыз дұрысын шығарып алып, азан айтып, жұрттың көбіне қайта ат қою керек» [1, 138 бет.].Қазіргі қазақ есімдерінің жазылуында кеткен қателерге қарағанда «Азан айтып қайта ат қою» ұсынысы әлі де болса өз мәнін жоймаған. Әрине ауыспалы мағынада айтылып отыр, дегенмен ұлттық есімдердің кей жағдайдағы адам танымастай кейпі Х.Досмұхамедұлының осы сөзіндегі ащы шындықты еске салады. Тек бұл ғасырдың «әлегі» басқашалау, бұрынғыдан қомақтырақ. Алдымызда кірме есімдерді ғана емес, төл кейпінен айрылған қазақ есімдерін де қайта игеру міндеті тұр. Ілгеріде көрсетілгендей кемшіліктермен азаматтарға қызмет етіп жатқан, болмысы өзгерген есімдерді қайтадан үйіріне қосуымыз керек.

Кирилл әліпбиінің тегеурінді ықпалы, жазу нормасы бекітілмеген аты-жөніміздің түрлі нұсқаларын дайындап үлгерді.Құжаттарға әртүрлі етіп толтырылды да, ол тілдік санаға әсер етті. Енді бір есімнің бірнеше түрлі нұсқасын иеленгендер «әркімдікі өзіне жөн» принципімен ғұмыр кешіп жатыр. Латын әліпбиіне өтер тұста азаматтарымыздың барлығын дұрысын жазуға көндіріп, ұлттық есімдерімізді біріздендіру ісін жүзеге асыру елеулі қиындықтар тудыруы мүмкін деген күмән жоқ емес. Қазіргі құжаттарда жарыса жазылып жүрген аты-жөніміздің орфографиялық сипаты мынандай:

- *Әбдікәрім – Абдикаримова – Абдукаримова – Абдукәрімова.*
- *Әбдіжапар – Әбдіжапбар – Абдижапар – Абдужапарова – Абдужаббарова.*
- *Әбдіқадір – Әбдіқадыр – Абдиқадирович – Абдуқадирова*
- *Әбдігапар – Әбдігапбар – Әбдігапбарұлы – Әбдігаппар - Әбдігапфарқызы –*

Әбдігапарқызы – Абдұгаппарқызы – Абдыгаппарқызы.

Бүлгізімді

арықарай соза беруге болады.

Екі компоненттен тұратын есімдердің біріншісіңары *Әбді, Абди, Абду, Абды, Абді* секілді бес түрлі, екіншісіңары *Жапар – Жапбар – Жаббар; Қадір – Қадыр – Кадыр – Кадир - Кадр; Гапар – Гапбар – Гапбар – Гаппар – Гапфар – Гапыр – Гаппар- Фафар* секілді үш, төрт., жеті түрлі жызылып жүр. Дұрыс жазылған нұсқасына бірнеше қате нұсқа қайшылық пен қарсылық тудырады, өйткені ілгеріде атап өткеніміздей, бұл есімдердің артында жеке азаматтар тұр. Тілдік санадағы түрлі түсініктер бойынша және өзгелер тарапынан үнемі солай аталғандықтан, балабақшадан бастап түрлі салалардағы қызметіне дейінгі аралықта құжаттағы ресми (қате болса да) есімдеріне күнделікті көзі үйреніп, көңілі сеніп қалған азаматтарға өмір бойы арқалап келген серігінен бас тарту оңай емес.

Қазақ есімдері бүгінге дейінгі дамуы барысында түрлі қиындықтарды басынан кешіре отырып, XXI ғасырдың ширек бөлігін еңсерді. Алдымызда екі түрлі мәселе тұр: *бірі* – сәбиге ат таңдау; *екіншісі* – оны ұлттық тілде рәсімдеу, яғни құжатқа жазу. Ат таңдау

бойынша да екі бағытты көріп отырмыз: 1) шетел тұлғалары мен олардың есімдеріне, ат қою дәстүрлеріне еліктеу. Сыртқы елдермен арадағы ашық қатынас тілдік санамызға өзгерістер әкелгені секілді, ұлттық есімдерімізге де жаңаша көзқараспен қарауға жетелей бастады: Айлин, Камила-мелания, Диана, Анжелика т.б. айтпағанда, Айшаны – Айиша, Кәмиләні – Камила т.б. бөтен тілдің екпінімен немесе созылыңқы айтып, атаужәне соған жақындата жазу көрініс бере бастады. Шетелдерде белгілі дәрежеде кісі есімдеріне қатысты тыйымдардың бар екенін білеміз, ал бізде азаматтардың есім таңдау құқығы қорғалған, яғни тыйым салатын заң жоқ. Қазіргі кезде қойылып жатқан ойсыз немесе ыңғайсыз есімдерге шектеу қойылса артық болмас еді. 2) тарихымызбенжалғасуға бейіл білдіріп отырғандар. Қазіргі кезде Елхан, Білге, Қасым, Ағназар, Айшабибі, Қарашаш, Нұрила т.б. секілді тарихи есімдерді қайта жаңғыртып жатырмыз. Тағы бір айта кететін жайт – жаңа тұлғалар жасау ізденістері, нәтижесінде Айару, Айзере, Айбота, Айсәнім, Жаннұр т.б. көркем есімдер қатары көбейіп келеді. Әсіресе осылардың ішінде қазақ тіліне тән ерекше дыбыстары бар түрлерін жазуда ұлттық үлгіден жаңылмау ләзім.

Аты-жөніміздің құжатта толтырылуына қатысты алғанда біріділікке келуіміз керек. Бұл жөнінде де түрлі қайшы көзқарастардың бары белгілі, алайда тарих қойнауынан жеткен асыл мұра жеке адамдардың мүддесінен жоғары. Қамаров пен Камаров, Кәрімов пен Каримов, Нұрмағамбетов пен Нурмағанбетов, Қожықов пен Кожухов т.б. «қазақ есімі» деген ұғым мен «Рухани жаңғыру» идеясының мақсат-мұраттары тұрғысынан алғанда қатар тұра алмайды, өйткені ұлттық есімдер – ұлттықтұтастықтың кепілі, осы жөнінен аса маңызды қызмет атқарады; ұлттың ғасырлар бойғы шығармашылық ізденістерінің жемісі; ұлттың өзіндік болмысы мен мәдениетін айғақтаушы паспорты.

Ойымызды жинақтай келе айтарымыз: кісі есімдерінің қойылуында болсын, құжатта таңбалануында болсын өзінің төл табиғатынан ауытқымауы керек. Кешегі «Алаш» зиялыларын алаңдатқан мәселе өзгеріссіз келіп, жаңа ғасырдың босағасын аттады. Күрделене түспесе, жеңілдеген жоқ, соның бәрі жазуда кеткен кемшіліктердің салдары. Тарих тағы да таңдау мүмкіндігін ұсынып отыр, бұл ел болып жұмыла атқарылатын іс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алаштың тілдік мұрасы. Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы», 2009. 364 бет.
2. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Алматы: «Мектеп», 1988. 264 бет.
3. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері (Монография). Алматы: «Санат», 1994. 168 бет.
4. Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы: «Абзал-Ай», 2013. 640 бет.
5. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. Алматы: «Арыс», 2009. 312 бет.

Аннотация: В статье анализируются недостатки в нормах написания современных казахских имен в сравнении со звуковыми законами языка. В написании современных казахских имен существует большое разнообразие, так как нет определенных утвержденных правил. В поисках правильного решения данной проблемы автор руководствуется мнениями Алашской интеллигенцией, которые были озвучены в начале прошлого века. Ими было сделано несколько научных выводов о национальной природе языка и о том, на какие принципы можно опираться в написании имен. Эти мнения не должны оставаться без внимания как в вопросе орфографического нормирования сегодняшних имен, так и для сохранения исторической преемственности. Предлагаются эффективные пути определения будущего современных казахских имен, отметив их положительные направления и недостатки в процессе развития.

Ключевые слова: звуко сочетания, фонетика, нормы правописания, имена людей, виды слогов

Annotation: The article analyzes the shortcomings in the norms of writing modern Kazakh names in comparison with the sound laws of the language. There is a great variety in the spelling of modern Kazakh names, since there are no certain approved rules. In search of the correct solution to this problem, the author is guided by the opinions of the representatives of Alash intelligence, which were voiced at the

beginning of the last century. They made several scientific conclusions about the national nature of the language and what principles can be used in writing names. These opinions should not be ignored both in the matter of spelling rationing of today's names, and in order to preserve historical continuity. Effective ways of determining the future of modern Kazakh names are suggested, noting their positive directions and shortcomings in the development process.

Keywords: sound combinations, phonetics, spelling standards, names of people, types of syllables